



Баспана бағдарламасының шарапаты

Кенді аймақтың кеншілері мен металлургтерін жан-жақты қолдау аса маңызды. Осы орайда, Қарағанды облысының әкімдігі «Отбасы банкімен» бірлесіп, шахтерлер мен металлургтер отбасыларына үстемесі жеңілдетілген ипотека беруді сәтті жалғастыруда. Игі бастамаға «Шұбаркөл Көмір» көмір өндіруші компаниясы қосылып, өз қызметкерлерінің тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Байыпты бағдарламаны іске асыру үшін облыстық бюджеттен 400 млн. теңге бөлінген. Тағы 300 млн. теңгені «Отбасы банк» және 400 млн. теңгені Еуразиялық Топ (ERG – Eurasian Resources Group) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі инвестициялайды. Анықтап кетейік, Еуразиялық Топ тарихы 1994 жылы компания акционерлері ел аумағында алғашқы активтерін сатып алған тұстан бастау алды. Содан бері ERG пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу саласындағы әртарапандырылған жетекші компанияға айналған.

Тұрғын үй сертификаттарын болашақ қоныстанушыларға тапсыру рәсімі Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың, «Отбасы Банк» Басқармасының төрағасы Ләззат Ибрагимованың және ERG Директорлар кеңесінің мүшесі Шухрат Ибрагимовтың қатысуымен өтті.

ERG, оның ішінде «Шұбаркөл көмір» – тұрғындарымыздың әлеуметтік ахуалына бағдарланған компания, – деп атап өтті өңір басшысы. – Ынтымақтастық ашықтығы үшін «Отбасы банкіне» де алғыс айтамыз. Әкімдік тарапынан біз ұдайы осындай пайдалы бағдарламаларды тұрақты қолдайтын боламыз. Тұрғын үй – ең өзекті әрі ең маңызды тақырып. Бұл бастама тұрғындарымыз үшін зор қуаныш болды. Баспана таңдаушыларға алдымен асықпауға кеңес беремін, бүгінде пәтерлердің таңдауы кен. Бастапқы нарық бағамы да қолжетімді бола түседе. Биылдың өзінде 800 шаршы метрді құрайтын тұрғын үй қатары салынуда.

Бұл бағдарламаның басты артықшылығы – бастапқы жарнасы 10%-ды құраса, жылдық төлем мөлшерлемесі –5%. Әлбетте, өз өмірін өндіріспен байланыстыратын жас мамандар үшін өте қолайлы жағдай, – деді Ләззат Ибрагимова. – Олардың әлеуметтік тұрақтылыққа, ертеңгі күнге деген нық сенімге ие болуы маңызды. Біз ERG-мен бірінші жыл жұмыс істеп отырған жоқпыз, осындай ынтымақтастықтың нәтижесі – жүздеген кеншілердің қуанышына айналуда.



Еуразиялық Топ басқа өңірлерде де осындай тұрғын үй бағдарламасын қолдайды. Шухрат Ибрагимовтың айтуынша, екі жылға жуық уақыт аралығында компания жұмыскерлеріне 600 пәтер кілті табысталған.

Сертификаттарды тапсыру кәсіби мерекесі – Металлург күніне тұспа-тұс өтетінін қуантады. Акционерлер мен компания басшылығының атынан кәсіпорынды дамыту үшін жасаған барлық жұмыстарыңыз үшін ақжарма алғысымыз жеткізгім келеді. Сіздерге зор денсаулық, баанды бақыт тілеймін, – деп Шухрат Ибрагимов кәсіби мерекеміз және алдағы қоныс тойымыз құттықтады.

Бағдарлама небәрі 5 жылға есептелген. Пәтерді Қарағандының бастапқы немесе қайталама нарығында сатып алуға болады. Несиенің ең жоғарғы сомасы – 20 млн. теңге шамасында.

Тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлердің

тізімін «Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы әзірлейді. Жыл соңына дейін кәсіпорынның 60-қа жуық қызметкері жеңілдетілген ипотеканы пайдалана алады.

Инженер-технолог Нұрсұлтан Бадан кәсіпорында 6 жылға жуық жұмыс істей-

сатып алуға мүмкіндік болмады. Осы ыңғайлы бағдарламаны ұйымдастырғандардың барлығына шынайы рахметімді айтамын. Енді ұлым екеуміздің өз баспанамыз болады. Ол кәсіптік-техникалық колледжде түсіпкеші. Баспана – басты мә-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Егеменнің» меншікті тілшісі тағайындалды

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің жауапты хатшысы Қасымхан Ғалым бүгіннен бастап республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі болып тағайындалды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»



Жас журналист Қасымхан Ғалым шығармашылық еңбек жолын 2018 жылы газеттің құқық және саясат бөлімінде тілші болып бастаған. 2022 жылдың қыркүйек айынан бүгінгі тағайындауға дейін облыстық басшылығының хатшылық бөліміне жетекшілік жасап, жауапты хатшы болып қызмет атқарды.

Аз уақытта оқырман ықыласына бөленген Қасымхан Ғалым 2020 жылы облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды.

Өріптесімізге жаңа қызметте шығармашылық табыс тілейміз!

Ал, «Егеменнің» өңірдегі тілшісі лауазымын абыроймен атқарып келген тәжірибелі журналист Қызғалдақ Айтжан басқа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босатылды.



Қарағандының үздік тауары тандалды

Қарағандыдағы Орталық саябақта «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік-көрме байқауы өтті. Облыс әкімдігі және өңірлік Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен өткен шараға аймақтағы 90 ірі және шағын кәсіпорындар өз өнімдерін ұсынды. Халық тұтынатын тауарлардан бастап, ауыр өнеркәсіп өнімдеріне дейін көрмеге қойылды. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында ауыл-аймақтардан 30-ға жуық кәсіпкердің қатысуы – биылғы көрме-байқаудың ерекшелігі болып отыр. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев көрме-байқауда жергілікті кәсіпорындардың өнімдерімен танысып, сапа саласындағы жетістігі үшін үздік кәсіпорынға облыс әкімінің арнайы сыйлығын табыстады.

шілер жергілікті кәсіпорын өнімдерінің сапасын бағалап, өздеріне ұнайтындарын сатып та алды.

«Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тау-

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Туристік кешен бой көтереді

Қарқаралыда туризмді дамыту басым бағытқа не болуда. Қала маңындағы бос жерлерге туризм орталықтарын орналастыру жұмыстары қолға алына бастады. Соның бірі – «Бұғылы» туристік рекреациялық аймағын құру.

Сағыншы ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аудан аумағындағы туристер көп шоғырланатын орындардың басым бөлігі Қарқаралы қаласының маңында. Қазіргі уақытта үш мыңға жуық турист қабылдай алатын 35 демалыс үйі бар. Төрт туристік бағыт бойынша қызмет көрсетілуде. «Бассейн көлі», «Шайтанкөл», «Үш үңгір», «Тарихи ескерткіштер» бағытында туристер Қарқаралы жерінің ғажабын тамашалауға мүмкіндіктері бар. Алдағы уақытта бұлардың қатарын, «Бұғылы» туристік кешені толықтырмақ.

Қарқаралы ұлттық табиғи паркінің аумағына кірмейтін 75 гектар жерде «Бұғылы» туристік рекреациялық аймағы ашылмақ. Жобаның негізгі мақсаты – туристік қалашық қалыптастыру. Бұл аумақ қаланың бас жоспарында жоқ болғандықтан, алдымен, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу қажет. Оған аудандық бюджеттен 24 млн. теңге

бөлінді. Дайын болған құжаттың негізінде жер беруге мүмкіндік туады. Аталмыш құжатты даярлауды конкурстар арқылы «Қазақстан проект» ЖШС ұтып алды. Арнайы мамандары келіп, жерді көріп, топокекіндемесін дайындады. Құжат дайын болғаннан кейін бұл жерге қандай туристік орталықтар орналастыру қажеттігін кеңесе отырып, жүзеге асырамыз, – деді Қарқаралы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің сектор меңгерушісі Әйгерім Шаймерден.

Алдын ала жоспарлау бойынша, бұл жер учаскелерін беріп қана қоймай, ондағы орналасатын нысандардың да біркелкілігін сақтауды басты назарда ұстауда. Сонымен қатар, этноауыл, ағаш үйлер, қонақ үй мен сауықтыру және спорт кешендерін де салу жоспарда бар.

Гүлнәр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауы дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді. Өңірлік кәсіпорындар өнімдерінің танымалдылығын арттыру, отандық өнімдерді насихаттау – басты мақсатымыз болып отыр. Бұл көрме-байқауда үш номинация бойынша үздік 9 кәсіпорын анықталады. Олар республикалық байқауда облыс атынан қатысып, бақ сынайды. Сонымен қоса, сапа жетістігі үшін бір кәсіпорынға облыс әкімінің арнайы сыйлығы табысталады. Бүгінгі көрмеге металлургия, машина жасау, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімдері әкелінді. Облысымыздың әр өңірінен келген тұрғындар жергілікті өнеркәсіп өнімдерін тамашалауға зор мүмкіндік алды.

Көрме-байқауға биыл алғаш рет «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында Қарағанды облысының



ауыл-аймақтарынан келген кәсіпкерлер қатысуда, – деді Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының

директоры Ернар Күлпейісов. Көрме-байқау дәстүр бойынша жәрменке форматында өтті. Келу-

арлары» номинациялары бойынша үш жеңімпаз анықталды.

▶ 2-бет

